

«БЕКІТЕМІН»



Академиялық инновация және  
жоғары білімнен кейінгі білім  
беру ісі жөніндегі вице-президенті  
Ш.Есимова  
2019 ж.

## САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

### ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ УЕ-ХҚТУ-020-2019

### ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

1. Ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімімен **ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. **Өзірлеген** – Ғылыми- зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Балтабаева
3. **Келісілді**
  - Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор К. Беркимбаев
  - Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы А.Әбсеметов
  - Құжаттаманы және персоналды басқару басқармасының басшысы Т.Ибеков
  - Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы басшысы Ж.Дарибаев
4. **ЕНГІЗІЛДІ** – 2019 ж.
5. **Тексерілу мерзімі** – 2022 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "29" 01 2024 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "29" 01 2026 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Сапа менеджменті басқармасы ТЕКСЕРІЛДІ: "10" 01 2022 ж.	КЕЛЕСІ ТЕКСЕРУ: "10" 01 2024 ж.	Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Сапа менеджментінің жүйесі ЖҰМЫС ДАНАСЫ № 118 "04" 09 2022 ж.
---	------------------------------------	---	------------------------------------	---

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-020-2019
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	-
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		7 беттің 2 – беті

### МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы.
  2. Нормативті сілтемелер
  3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар
  4. Жауапкершілік және өкілеттілік
  5. Жалпы ережелер
  6. Негізгі мақсаттар
  7. Жас ғалымдар кеңесінің құрамы мен жұмыс регламенті
  8. Өзгерістерді енгізу тәртібі
  9. Келісу, сақтау және тарату
- Қосымшалар
- А. Танысу парағы
  - Б. Өзгерістерді енгізу тәртібі

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		УЕ-ХҚТУ-020-2
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>	-
<b>Жас ғалымдар кеңесінің ережесі</b>		7 беттің 3 – беті

## **1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (әрі қара университет) Жас ғалымдар кеңесі (әрі қарай кеңес) ерікті түрде тұрақты қызмет ететін алқалық орган болып табылады.

1.2 Осы ереже университет президентінің бұйрығы және Жас ғалымдар кеңесінің мүшелері тағайындаған қызметтегі өкілдерімен пайдаланылуы тиіс.

1.3 Бұл ереже Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенатының 2013 жылғы 31 қазанда бекітіліп іске қосылды. (№2 хаттама 31 қазан 2013ж.)

## **2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)**

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағы, «Жоғары оқ орны Ғылыми кеңесі қызметінің үлгі ережесі және оны сайлау тәртібін бекіту туралы Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 22 қарашадағы №574 бұйрығы, ЖОО кейінгі білімге қатысты нормативті құжаттары, Университет Жарғысы университет қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттары, Өкілеті Кеңес мәжілісі 02.06.2012 ж. №42 ШЕШІМ №17.2.1 Жұмыс тәртібі мен негіздер регламенті:

ҚП ХҚТУ-4,2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

ҚП ХҚТУ-4.2.4 -2009 Жазбаларды басқару.

## **3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

Бұл Ережедегі пайдаланылған терминдер және анықтамалар тізбесі:

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ- Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

ҒЗЖ - ғылыми зерттеу жұмыстары

ҚР - Қазақстан Республикасы

ЖОО - Жоғары оқу орындары

## **4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІК**

4.1 Университеттің осы ережесі Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің тарапына бекітіледі.

4.2 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Ғылыми жұмыстар жөніндегі вице-президент жауапты болып табылады.

## **5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми ғылыми техникалық және инновациялық саясатын жүзеге асыру және қалыптастыру аясындағы жас ғалымдар арасындағы ұйымдық кеңес болып табылады.

5.2 Осы ереже бойынша жас ғалымдар қатарына 40 жасқа дейінгі ғылыми қызметкерлер, мамандар, магистранттар, PhD докторанттар, ғылым докторлары мен кандидаттары, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысатын университет оқытушылары жатқызылады.

5.3 Кеңес университеттегі жас ғалымдар мен жас ғалым мамандар көзқарастары мен қызығушылықтары қолдайтын ғылыми іс-шаралар жүргізуді ұйымдастырушы ұжым болып табылады.

5.4 Кеңес қызметін бақылау мен қадағалау ғылыми жұмыстар жөніндегі вице-президентінің жетекшілігінде болып, Ғылым бөлімімен бақыланады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-020-20</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>	-
<b>Жас ғалымдар кеңесінің ережесі</b>		<b>7 беттің 4 – беті</b>

5.5 Кеңесті ғылыми дәрежесі мен атағы бар төраға басқарады, аталмыш заңға қатысты төраға ректор бұйрығымен бекітіледі және босатылады.

5.6 Кеңес заңды тұлға болып табылмайды және өз қызметін университет басшысының бекіткен Жас ғалымдар Кеңесі туралы ережеге сәйкес іске асырады.

## **6 НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР**

6.1 Кеңестің негізгі мақсаттары:

6.1.1 Әлеуметтік және қолданбалы тағылымдамаларда олардың ғылыми зерттеу іс-әрекеттерін қолдап, жас ғалымдар талпынысына ықпал жасау;

6.1.2 Жас ғалымдардың кәсіби деңгейлерін арттыруға көмек көрсету;

6.1.3 Ғылыми әлеуетті дамыту және жас ғалымдардың шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыру;

6.1.4 Университеттің жас ғалымдарының кәсіби, зияткерлік, заңды және әлеуметтік –тұрмыстық мүдделері мен құқықтарын іске асыру, қорғау;

6.1.5 Ғылыми білімді және ғылымның заманауи жетістіктерін насихаттау.

6.2 Кеңестің негізгі міндеттері:

6.2.1 Жас ғалымдарды оқытудың жаңа технологияларын меңгеруге дайындауға оны тәжірибеге енгізуге, сонымен қатар тереңдетілген ғылыми зерттеу қызметімен айналысуға ынталандыру;

6.2.2 Университеттің жас ғалымдарының кәсіби өсуіне ықпал ету; жастардың ғылыми бастамаларын дамыту және жас ғылыми кадрларды университетте тұрақтандыру, Университеттегі ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныс дайындау;

6.2.3 Жас ғалымдардың ғылыми қызметінің ұйымдастырылуы мен қаржылық қолдау көрсетілуіне және олардың Қазақстан мен шет елдерде өткізілетін түрлі ғылыми-зерттеу жобаларына, бағдарламаларға, ғылыми тағылымдамаларға, конкурстарға, ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуына ықпал ету;

6.2.4 Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне қолдау көрсететін (грант бөлетін) ғылыми жобалар, бағдарламалар мен қорлар туралы, еліміз бен шетелдегі ғылыми және білім беру орталықтар, сондай-ақ Қазақстан мен алыс және жақын шетелдерде өткізілетін бейінді іс-шаралар (конференциялар, семинарлар) туралы ақпарат беру;

6.2.5 Үздік ғылыми техникалық өнім конкурсын, ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізуге ықпал ету, жас ғалымдарға ғылыми мақалары мен баяндамаларын жариялауға көмек көрсету;

6.2.6 Жас ғалымдарға ҒЗЖ әдістемесі мен әдіснамасын меңгеруге көмек көрсетуге бағытталған іс-шаралар өткізу; жас ғалымның ғылыми техникалық және мәдени өсуіне ықпал ету;

6.2.7 Ғылыми ұйымдар, ҒЗИ, жоғары оқу орындары жас ғалымдарының ғылыми зерттеулері мен әзірлемелерінің ақпаратты мәліметтер базасын құру;

6.2.8 Жас ғалымдарға отандық және шетелдік гранттарға қатысу үшін белсенді жұмыс істеуге, магистратураға мен докторантураға түсуге, импакт-фактор журналдарда мақала жариялауға кеңес беру; зерттеу жүргізіп, диссертациясын қорғауға көмек көрсету;

6.2.9 Жас ғалымдарды ҚР Білім және ғылым министрлігінің және басқа да министрліктердің сыйақыларына ізденушілікке ұсыну; дарынды жас мамандарға мақсатты магистратура мен докторантураға түсуге қолдау көрсету;

6.2.10 Жас ғалымдардың еңбегі, тұрмысы мен демалысы мәселелері бойынша өзінің ұсыныстарын ректоратқа білдіру;

6.2.11. Жас ғалымдардың өздерінің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған бастамаларына қолдау көрсету.

## **7 ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ МЕН ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ**

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>УЕ-ХҚТУ-020-2019</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>	-
<b>Жас ғалымдар кеңесінің ережесі</b>		<b>7 беттің 5 – беті</b>

7.1 Кеңестің мүшесі осы ережені мойындайтын 40 жасқа дейінгі университеттің жас ғалымдары, студенттері, магистранттары мен PhDдокторанттары бола алады.

7.2 Кеңес мүшелігіне әр факультеттен деканмен бекітіліп 1 адам ұсынылады.

7.3 Кеңес мүшелеріне қойылатын біліктілік талаптар:

7.3.1 Ғылыми педагогикалық еңбек өтілі 1 жылдан кем болмауға тиіс;

7.3.2 Қарым-қатынас жасай білу және ұйымдастыру қабілеттері, азаматтық, жеке және ғылыммен айналысу ұстанымының болуы, педагогикалық тактісі болуы керек.

7.3.3 Кеңес мүшелігіне ұсынылған факультет өкілі 1 жылға сайланады. Алдағы уақытта оның Кеңес мүшелігі факультеттің шешімімен тоқтатылуы не ұзартылуы мүмкін.

7.3.4 Кеңес төрағасы жас ғалымдардың жалпы жиналысында сайланады. Кеңес құрамы университет президентімен бекітіледі. Кеңестің құрамы 10-12 адамнан тұрады.

7.4 Кеңес мүшелігінен келесі жағдайларда шығарылады:

- сайлаған факультеттің ғылыми кеңесі шешімі бойынша кері шақырту болғанда;
- кеңес мүшесінің осы ережені қатаң бұзғанда;
- Кеңес шешімін орындамағанда;
- Кеңес құрамынан шығу туралы жазбаша хабарлағанда.

7.5 Жас ғалым Кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері бірдей.

*Жас ғалымдар Кеңесінің төрағасы:*

- Кеңес қызметін басқарады.
- Кеңестің шешімі және басқа да құжаттарға қол қояды;
- Кеңес мүшелері арасындағы міндеттерді бөледі;
- Кеңесті шақыру және кезекті отырысын өткізу мерзімі туралы шешім қабылдайды;
- Кеңес отырысын өткізеді;
- Кеңестің жұмыс жоспарын, отырыстың күн тәртібін және жұмысына қажетті басқа да құжаттарды бекітеді;
- Кеңес қызметі туралы жылдық есептің дайындалуына басшылық жасайды;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі вице-президентпен осы Ережеге сай байланыс жасайды және Кеңестің осы Ережемен бекітілген қызметін орындауға жауапты болады.

Төраға болмаған жағдайда Кеңес қызметін оның орынбасары басқарады.

*Кеңестің хатшысы*

- Кеңес отырысының күн тәртібі жобасын жасайды;
- Кеңес отырысын өткізуді ұйымдастырады;
- Кеңес отырысы мен оның шешімін хаттамалайды;
- Кеңес шешімін мүдделі тұлғаларға жеткізеді.

*Кеңес мүшесінің құқықтары:*

- Кеңестің басшы органдарын сайлау және сайлану
- Кеңес отырыстарына қатысу, бастама көтеру, өз көзқарасын білдіру, Кеңес қарарына ұсыныс енгізу және белгіленген регламентке сай қарастырылып отырған барлық мәселелерді ашық талқылауға қатысу.

*Кеңес мүшесінің міндеттері:*

- Осы ережені ұстану және Кеңес шешімін орындау;
- Өзіне жүктелген міндеттерді орындау, өз қызметінде Кеңестің мақсаты, міндеті мен принциптерін басшылыққа алу;
- Кеңестен оның қызметіне қатысты тапсырмаларды орындау туралы жазбаша не ауызша хабарлағанда, өз жауабын белгіленген тәртіпте, көрсетілген мерзімде беру.
- Кеңес құзырлығындағы өзінің қандай да бір қызметінде Кеңес шешімін ұстану.

## **8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚН ХҚТУ 4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-020-201
Сапа менеджментінің жүйесі	Құрылым ережесі	-
Жас ғалымдар кеңесінің ережесі		7 беттің 6 – беті

8.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында тіркелуі тиіс» (ҚосымшаБ)

## 9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу бөліміне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

### КЕЛІСІЛДІ

Ғылым –зерттеу істері жөніндегі вице-президент, профессор



К.Беркимбаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А.Әбсеметов

Құжаттаманы және персоналды басқару басқармасының басшысы



Т.Ибеков

Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығы басшысы



Ж.Дарибаев

